

ТҮПНҰСҚА МӘТІНІНДЕГІ МЕТАФОРАЛЫҚ АУЫСУЛАРДЫҢ КОГНИТИВТІК ЖОЛДАРЫ

Шелекбаева Камаш Абдуалиевна
№159 МГ ағылш тілі пәнінің жоғарғы санатты мұғалімі
Тусупбекова Мунара
Жанболат Жанель
(11 сынып оқушылары)
Қазақстан
aibosha@mail.ru

Соңғы кездерде метафора когнитивтік бағытта қарастырыла бастады. Тілдің ойды қалыптастырушылық маңызын негізгі бағыт етіп алған А.Потебня тілдік семантиканы дамытудың бір құралы ретінде - метафоралық ауысу деп көрсетеді. В.Г.Гак және В.Н.Телия метафораның аталымдық, когнитивтік қызметіне назар аударады. Тілдік даму мен адамның когнитивтік процестермен тығыз байланысы тіл біліміне жаңаша көзқараспен келуді талап етті. Осы мәселе туралы Е.С.Кубрякова: «Когнитивная наука поставила перед собой воистину глобальные задачи и, вовлекая в их решение специалистов по лингвистике, заставила последних пересмотреть и цели теоретической лингвистики, и ее методологические основания, и само понимание языка, и его роль в познавательных процессах человека» - деп тұжырымдайды [1,13 б.]. Метафораның когнитивтік тұрғыда қарастырылуы адамның қоршаған әлемді қабылдауымен байланысты. Адамның ойлау әрекетінің негізінде жатқан білім қорындағы әртүрлі операциялардың жасалуы ауысуларға әкеледі. Бұл ауысулар адамның қоршаған әлемді тану үлгілерін құрайды. Метафораларда нысандар шегінің бұзылуы жаңа мағына, ұғымдар туындауына жол ашады.

Метафоралардың жасалуының танымдық қырын түсінуге баспалдақ болған фреймдер мен сценарийлер туралы М.Минский, Ч.Филлмор, А.Н.Баранов қарастырды. Фрейм сөзі құрылым деген мағынаны білдіреді. М.Минский фрейм терминін былай деп көрсетеді: «Фрейм - стереотипті ситуацияларды елестетуге арналған құрылым. Әр фрейм арқылы әртүрлі ақпарат асоциацияланады» [2]. Т.А. Ван Дейктің көзқарасы бойынша: «фреймдер дегеніміз белгілі бір концептің төңірегінде ұйымдасқан бірліктер. Ассоциациялардың жай жинағынан фреймдердің айырмашылығы, олардың өздері ассоциацияланатын қандай да болмасын концепт жайлы негізгі, арнаулы және барынша кең мағлұматтарды иелену мүкіндігінде» [3] десе, В.Б. Касевичтің пікірінше: «лингвистика ғылымының бүгінгі даму деңгейінде ғалымдар концепциясы бойынша, ақпараттарды ұйымдастырудың маңызды әдістерінің бірі болып саналатын тіл көбінесе фреймдер жүйесін білдіреді»- дейді [4]. Фреймде жалпылама болмыс стереотипті түрде қабылданады. Фрейм тілдік өзгеріспен байланысты. Жаңа фреймдердің пайда болуымен бірге сөз мағынасы өзгеріп қолданыстың жаңа саласына өтеді.

Когнитивтік метафора теориясы бойынша «ауысу» жекелеген атау емес, бүтін концептуалдық құрылым (схема, фрейм, модель, сценарий), тілді тасымалдаушының санасында белгілі бір сөзбен актуалданады (метафора фокусы). Метафоралық ауысулар белгілерді модельдеуге мүмкіндік береді.

Метафоралық мағыналарды презентациялаудың поэтикалық тәсілі болып табылатын генитивтік құрылымдар түрі жағынан ықшам, әрі толық мазмұнды келеді. Предикаттан метафоралық аталымның айырмашылығы генетивтік құрылымдар предикаттық белгілердің бірі арқылы нысанды сипаттайды. Олардың сөйлемдегі функционалды рөлі адресаттың назарын тілде сөйлеушінің санасында бекіген айқын контрастивтік мағынадағы құрылымдарға назар аударту болып табылады.

Түпнұсқа мәтіндегі метафоралық ауысудың тілдік механизмі түрліше. Метафоралық ауысу: 1) нысанды атауда: "the house was an oven when the air conditioner broke in July –

үйді қатты ыстыққа теңеген кезі; the house was a white elephant – үй қажетсіз сыйлық еді; 2) предикат қызметіндегі зат есімде: Thomas is an industrious beaver, devising intricate plans for the treehouse and fashioning the wooden pieces – Томас ол ағаш үйге қатысты қызықты жоспарлары бар және ағаш бөліктерін жапсыратын еңбек сүйгіш құндыз; he had become almost a myth – ол мүлдем миф болып қалды; 3) етістік пен предикат қызметіндегі етістік формаларында: the man fell under her spell – ер жігіттің ұнатып қалуы; by deserting his wife and child – әйелі мен баласын тастау; 4) сын есім мен үстеулерді қолдануда: heated argument – қызу қанды пікірталас; cold grey eyes – суық сұр көздер; the spidery fingers of her hands – оның қолдарының ұқыпсыз саусақтары; 5) генитивті тіркестерде: the straw of the water – судың сабаны; the eyes of the flowers – гүлдің көздері; crown of red-gold hair – сары, алтын түстес шаштардың тәжісі; 6) адвербиалды құрылымдарда: he ran musically – ол әуенді жүгірді; 7) салыстырмалы құрылымдарда: a film like a bird was beginning to come, followed her – фильм оған құстай көріне бастады; 8) тұрақты фразеологиялық тіркестерде.

Метафоралық мағыналардың түрлі реңктерін жүзеге асыруға арналған. Метафоралық ауысулардың өнімді түрі болып атрибуттық немесе адвербиалды атрибуттық метафоралар. Көркем мәтінде атрибуттық метафоралар идеологиялық статуска ие болады және шығарманың басты кейіпкерлерін субъективті-авторлық тұрғыда сипаттайды. Бұл жағдайда коннотативті реңк басым болады. Метафоралық тіркестердің ішінде жиі қолданылатын атрибуттық сөз тіркестер тобы. Атрибуттық құрылымның тобын көсемше, есімшелі сөз тіркестері, субстантивтік сөз тіркестері жатады. Соңғы атрибуттық құрылым тобының ерекшелігі шынайы болмыс нысанына бағыттайды, ал атрибуттық мағынадағы лексема метафоралы түрде қолданылады.

Ш.Бронтенің «Jane Eyre» романындағы табиғатқа, әртүрлі кейіпкерлерге және салыстырмалы құрылымдарға негізделген метафоралардың аудармаларына танымдық талдау жасап көрелік. Мысалы: I could not see into the interior; and both my eyes and spirit seemed drawn from the gloomy house--from the grey-hollow filled with rayless cells, as it appeared to me--to that sky expanded before me,--a blue sea absolved from taint of cloud; the moon ascending it in solemn march; for those trembling stars that followed her course; they made my heart tremble, my veins glow when I viewed them.

Sky was a blue sea absolved from taint of cloud – аспан ешқандай бұлттары жоқ, тазартылған көк теңіз болатын. Автор аспанның каншалықты ашық екенін оқырманға жеткізу үшін аталған метафораны қолданған. Когнитивтік метафораның айқын мысалы, зат→физикалық әлем бағытында жүргізілген метафоралық ауысу үлгісі предикат қызметіндегі етістік арқылы жүзеге асып тұр. Негіз-фрейм «taint-індет» жаңа мағына қолданылып, табиғат құбылысына байланысты мақсат-фреймге ауысып, ұғымды вербалдайды. Мақсат фреймге бұлттардың болмағаны арқылы аспанның ашық екенін білдіргісі келген. Бұл ауысуда мақсат-фреймнің ұяшығы жаңа ақпаратпен толықты. Көбінесе індет сөзі аурумен байланысты қолданғандықтан, бұл тіркесті ешқандай бұлттары жоқ деген мағынада түсіндіріліп тұр.

I could not see into the interior; and both my eyes and spirit seemed drawn from the gloomy house--from the grey-hollow filled with rayless cells, as it appeared to me--to that sky expanded before me,--a blue sea absolved from taint of cloud; the moon ascending it in solemn march; for those *trembling stars* that followed her course; they made my heart tremble, my veins glow when I viewed them.

Trembling stars made my heart tremble – дірілдеген жұлдыздар менің жүргімнің мазасын кетірді. Когнитивті метафора, физикалық әлем→психикалық әлем үлгісі бойынша жасалған метафоралық ауысу предикат қызметіндегі зат есім арқылы жасалып тұр. Автор «tremble-дірілдеген» деген сөзді қолдану арқылы оқырманды өзіне қарату үшін қолданған. Негізгі фрейм «trembling stars» арқылы Джен Эйрдің жүрегінің дірілдегенін, яғни қыздың сенімсіздігін білдіргісі келген.

Whether is it better, I ask, to be a slave in a fool's paradise at Marseilles--fevered with delusive bliss one hour- -suffocating with the bitterest tears of remorse and shame the next- -or

to be a village-schoolmistress, free and honest, in a breezy mountain nook in the healthy *heart of England*?

Heart of England - Англияның жүрегі. Когнитивтік метафора затты атауға негізделген. Зат→физикалық әлем үлгісі бойынша жасалған метафоралық ауысу. Мұндағы зат есім «heart - жүрек» жаңа мағынада қолданылып «орталық» деген мағына жасап тұр. Негіз-фрейм- «жүрек» мақсат-фрейм «орталық» сөзіне ауысты. Мақсат-фреймге жүреппен байланысты ақпарат жаңғыртылып, Англияның басты, маңызды, орталық қала екенін сипаттау үшін қолданылған. Когнитивтік концептуалды деривация үдерісі орын алған. «Heart - жүрек» зат есімі мағынаны вербалдайды.

He lifted his gaze, too, from the daisies, and turned it on her. An unsmiling, a searching, a meaning gaze it was. She answered it with a second laugh, and laughter well became her youth, her roses, her dimples, her *bright eyes*.

Bright eyes – жарқын көздер. Бұл когнитивтік метафорадағы метафоралық ауысу сын есім арқылы жасалып тұр. Зат→психикалық әлем үлгісі бойынша жасалған метафоралық ауысу. «Bright» сын есімінің бастапқы мағынасы «жарқын, жарқыраған» бірақ, «eyes – көздер» зат есімімен жаңа мағынада қолданылып, «бақытты, есте қаларлық» мағынасына ие болады. «Bright» сын есімі «happy, shining eyes» ұғымын вербалдайды.

"Well, well! who knows what may happen?" said Mr. Lloyd, as he got up. "*The child ought to have change of air and scene*," he added, speaking to himself; "nerves not in a good state."

The child ought to have change of air and scene – бала ауа мен көріністі өзгертуге тиіс. Бұл когнитивтік метафорадағы метафоралық ауысу предикат қызметіндегі зат есім арқылы жүзеге асады. Зат→физикалық әлем үлгісі бойынша жасалған метафоралық ауысу. «Air and scene» зат есімінің бастапқы мағынасы «ауа мен көрініс» бірақ, ол балаға байланысты жаңа мағынада «жер,орын» мағынасына ие болады. Метафора баланың тұрып жатқан жерін өзгертуді сипаттау үшін қолданылып тұр. Сондықтан бұл метафораның орнына «The child ought to have change place»- ті қолдануға болар еді.

I had often heard the song before, and always with lively delight; for Bessie had a *sweet voice*,--at least, I thought so. But now, though her voice was still sweet, I found in its melody an indescribable sadness. Sometimes, preoccupied with her work, she sang the refrain very low, very lingeringly; "A long time ago" came out like the saddest cadence of a funeral hymn. She passed into another ballad, this time a really doleful one.

Sweet voice – тәтті дауыс. Бұл когнитивтік метафорадағы метафоралық ауысу сын есім арқылы жасалып тұр. Зат→физикалық бойынша жасалған метафоралық ауысу. «Sweet» сын есімінің бастапқы мағынасы «тәтті» бірақ, «voice –дауыс» зат есімімен жаңа мағынада қолданылып, «кұлаққа жағымды» мағынасына ие болады. «Sweet» сын есімі «pleasant» ұғымын вербалдайды.

Mrs. Reed was rather a stout woman; but, on hearing this strange and audacious declaration, she ran nimbly up the stair, swept me like a whirlwind into the nursery, and crushing me down on the edge of my crib, dared me in an emphatic voice to rise from that place, or utter one syllable during the remainder of the day.

"That proves you have a wicked heart; and you must pray to God to change it: to give you a new and clean one: to take away your *heart of stone* and give you a heart of flesh."

Heart of stone - тас жүрек. Когнитивтік метафора, атрибуттық құрылым жасайтын «heart of stone-тас жүрек» тіркесі ауыспалы мағынада қолданылған. Бұл тіркес «ruthless, heartless – мейірімсіз, рақымсыз» ұғымын вербалдайды. Зат→физикалық үлгі бойынша жасалған метафоралық ауысу. Когнитивтік концептуалды деривация үдерісі жүреді.

"That proves you have a wicked heart; and you must pray to God to change it: to give you a new and clean one: to take away your *heart of stone* and give you a *heart of flesh*."

Heart of flesh – денежүрегі. Метафоралық ауысу предикат қызметіндегі зат есімді қолдану арқылы жүзеге асып тұр. Зат→зат үлгісінде жасалған метафоралық ауысу. Метафора атрибуттық құрылым болып, нысан «жүрек» тура мағынадығы зат есім ретінде

беріліп тұр, ал субъект «flesh – дене» - метафоралық ауыспалы мағынада. Негіз- фрейм «дене» мақсат- фрейміне, яғни «адами жүрек» мағынасына ауысып тұр.

When I colour, and when I shade before Miss Oliver, I do not pity myself. I scorn the weakness. I know it is ignoble: a mere fever of the flesh: not, I declare, the convulsion of the soul. THAT is just as fixed as a rock, firm set in the depths of a restless sea. Know me to be what I am--a *cold hard man*."

Cold hard man – суық, қиын ер жігіт. Мұнда ұқсастыққа негізделген гетерогенді метафораны айтуға болады. Метафора ұғымдар ұйқасына негізделген. Зат→физикалық әлем бағытында жүргізілген метафоралық ауысу үлгісі «cold - суық» сын есімін қолдану арқылы жүзеге асып тұр. «cold hard man» метафорасы адамның сырт келбетін суреттеуде әсерді күшейтеді. Аталым туралы сөз еткенде «cold -суық» сын есімін «indifference - парықсыз», «wicked - зұлым» сын есімдермен ауыстыруға болады. Өйткені, «cold - суық» сын есімінде «жылы шырайсыз, қатал, парықсыз» реңктері бар.

I resisted all the way: a new thing for me, and a circumstance which greatly strengthened the bad opinion Bessie and Miss Abbot were disposed to entertain of me. The fact is, I was a trifle beside myself; or rather OUT of myself, as the French would say: I was conscious that a moment's mutiny had already rendered me liable to strange penalties, and, like any other rebel slave, I felt resolved, in my desperation, to go all lengths."Hold her arms, Miss Abbot: she's *like a mad cat*."

Like a mad cat – есуас мысық сияқты. Когнитивтіметафора.Метафоралық ауысу «like» салыстырмалы құрылымы арқылы жүзеге асқан. «Mad cat - есуас мысық» зат есімі жаңа мағынада қолданылып тұр және ол адамға қатысты айтылып тұр.Метафоралық ауысудың орын алуы «есуас мысық деп әдетте тыңдамайтын, ақылсыз мысықты айтады. Осылайша «mad cat - есуас мысық» «fool, stupid person» ұғымын вербалдап тұр.

Сонымен, көркем шығармадағы метафораларды аударудың басты өлшемі – оқырманға әсері. Аудармаға қойылар басты талап – түпнұсқаның әсерін жасау.Шарлотта Бронтаның «Джейн Эйр» шығармасындағы метафоралар концептілік жүйе құрып, дүние құндылықтарын көркем тұрғыдан тануға қызмет еткен. Жазушының білім деңгейі, дүниетанымы, сонымен бірге ұлттық болмысы мен ділі метафоралар арқылы ашылады. Метафораларды, олардың құрылымы мен мәтіндегі қызметтерін танымдық тұрғыда саралау- шығарманы тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Қаламгер туындыларындағы метафоралық қолданыстар жаңа ұғымдарға атау береді, әрі тілді байытады, сонымен қатар тілдік үнемдеуді жүзеге асыра отырып, берілген ойды нәрлендіреді.

Әдебиеттер:

1. Аристотель. Поэтика. Риторика, СПб, «Азбука-классика», 2010 г., 22 с.
2. Мақатаев М. Үш томдық шығармалар жинағы. Т.3 – Алматы: Жазушы, 193. 22 б.
3. Christine Brooke-Rose. A Grammar of Metaphor. Secker & Warburg. 128.
4. Ричардс А.А. Философия риторики, Теория метафоры. М.130, 17-6 с.